



Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 4 ақпандағы № 55 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 8 ақпанда № 7115 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Есіл ауданының әкімі

А. Абдуллаев

Солтүстік Қазақстан облысы
Есіл ауданы әкімдігінің
2021 жылғы 4 ақпандағы
№ 55 қаулысына қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі

1. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 19 наурыздағы № 63 "Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысы (2019 жылғы 28 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5258 болып тіркелген).

2. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 296 "Мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" қаулысы (2020 жылғы 10 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5781 болып тіркелген).

3. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 297 "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды

жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысы (2020 жылғы 10 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5782 болып тіркелген).

4. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 298 "Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 19 наурыздағы № 63 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" қаулысы (2020 жылғы 10 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5783 болып тіркелген).